

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «4» қазан

«Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне 20 жыл: тарихы және даму келешегі» тақырыбы бойынша үздік журналистік материалға арналған Байқау қорытындысы туралы

«БЖЗК» АҚ «Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне 20 жыл: тарихы және даму келешегі» тақырыбы бойынша үздік журналистік материалға арналған Байқаудың аяқталғандығын хабарлайды.

1 қазанда Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды анықтау бойынша Байқау комиссиясының отырысы өтті. Қазылар алқасының құрамына Қор бөлімшелері жетекшілерінен басқа БЖЗК жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелері – Алексей Байтеев пен Жұмагүл Тәжібекова енді.

Байқау комиссиясының отырысында Байқау талаптарына жауап беретін материалдардың ғана қаралымға ұсынылғандығы айтылды. Осылайша «Мемлекеттік тілдегі үздік журналистік материал» аталымы бойынша 22 журналистік жұмыс, ал «Орыс тіліндегі үздік журналистік материал» аталымы бойынша – 11 журналистік жұмыс қаралды. Талқылау барысында Байқау комиссиясының мүшелері ұсынылған материалдардың деңгейі бойынша өз ойларымен бөлісті. Бұл ретте материалдардың Байқау тақырыбына сәйкестігі, сауаттылығы, өзектілігі және қоғамдық маңыздылығы, талдаулық деңгейі, шынайылығы және материалды ұсыну өзгешелігі секілді өлшемшарттарға ерекше көңіл бөлінді. Қазылар алқасының мүшелері олардың әрқайсысын 10 баллдық жүйе бойынша бағалады. Сөйтіп әрбір қатысушының қорытынды баллы шығарылды.

Қазылар алқасының барлық мүшесі Бағалау парағын толтырды. Кейін баллдарды есептеу арқылы екі аталым бойынша жеңімпаздар анықталды.

«Мемлекеттік тілдегі үздік журналистік материал» аталымы бойынша мына журналистер жеңімпаз атанды:

- бірінші орын – Жарас Кемелжан «Қарттықтың қамы жастықтан басталады» («Jas qazaq» газеті)
- екінші орын – Мәдина Дүйсембаева «Сараптамалық Талдау бағдарламасы» (Хабар-24 телеарнасы)
- үшінші орын – Салтанат Досетова «Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі» («Arka aяary» газеті)

«Орыс тіліндегі үздік журналистік материал» аталымы бойынша мына журналистер жеңімпаз атанды:

- бірінші орын – Шинкаренко Дмитрий «Пенсии по-казахстански» («Актобе Таймс»)
- екінші орын – Жданов Кирилл «Как обеспечивается сохранность пенсионных накоплений казахстанцев» («Informburo», г.Алматы)
- үшінші орын – Покатилов Александр «Копите свои денежки на старость», «ЕНПФ всегда открыт» («Огни Мангистау»)

Екі аталым жеңімпаз атанған журналистерге бірінші орын үшін – ноутбук, екінші орын үшін – планшет және үшінші орын үшін – диктофон табыс етіледі. Қалған қатысушылардың барлығы зейнетақы жүйесіне қызығушылық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін қазылар алқасының шешімі бойынша алғыс хаттармен атап өтіледі.

Жеңімпаздарды салтанатты жағдайда марапаттау күні туралы қосымша хабар беріледі.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz